

Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы N 154 "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 24 қаңтардағы N 31 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 ақпанда N 2169 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы N 68 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 18.02.2014 N 68 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы N 154 "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-13-123 болып тіркелген, 2012 жылғы 14 шілдедегі N 55-56 (11073) "Қарқаралы" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі қаулының 3 тармағының 1) тармақшасындағы "ата-анасының біреуіне және мүгедек баланың" сөздері "үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне және" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Қарқаралы ауданының әкімі

К. Максұтов